2023–2024 оқу жылы бойынша мектеп психологының ЕББҚ оқушыларына психологиялық қолдау көрсету және әлеуметтік бейімдеу бағытында жүргізілген жұмыстардың жылдық есебі

Мамыр айы, 2024 жыл
«№4 Жалпы білім беретін мектеп» КММ
Педагог-психолог: Танова Алия Исламовна
Түгел Гаухар

2023–2024 оқу жылында мектеп психологы инклюзивті білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізді. Жылдық есепте атқарылған іс-шаралар мазмұны, нәтижелері және алдағы кезеңге арналған жоспарлар қамтылды.

Жұмыс мазмұны

Оқу жылы барысында негізгі бағыттар төмендегідей болды:

- ЕББҚ оқушылардың диагнозын анықтап, жаңа оқу жылына бейімдеу;
- Мұғалімдерге және сынып жетекшілеріне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу, тренингтер мен кеңестер ұйымдастыру;
- ЕББҚ оқушылардың мінез-құлқын түзету, жеке жұмыстарды ұйымдастыру;
- Әлеуметтік бейімдеу және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған тренингтер өткізу;
- Мотивациялық жаттығулар арқылы оқуға ынтасын арттыру;
- Мұғалім, оқушы және ата-ана арасындағы үшжақты байланыс орнату;
- Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін саралап, қорытынды есеп шығару.

Жүргізілген негізгі іс-шаралар

- Қыркүйек – ЕББҚ оқушылардың диагнозын анықталды, жаңа оқу жылына бейімдеу жұмыстары жүргізілді, ПМПК кеңесін құрылып, отырыстары өткізілді.
- Қазан – Пән мұғалімдеріне және сынып жетекшілерге психологиялық қолдау көрсетілді, пәндердің берілуіне бақылау жүргізілді.
- Қараша – Ата-аналарға арналған ашық жиналыстар, тренингтер өткізілді, тренинг барысында ата-аналар өздерінің алған әсерімен бөлісті, қосымша психологиялық тұрғыда кеңестер берілді.
- Желтоқсан – Қиындық көріп жүрген (1–4 сынып) оқушылармен және ата-аналарымен жеке жұмыс жүргізіліп, мінез-құлықты түзету мақсатында ойын жаттығулар жасалды. Нәтижесінде бастапқы мінез-құлықтан жақсы жағына қарай өзгерістер байқалды.

- Қаңтар – «Достық еліне саяхат» тренингі, қарым-қатынас мәдениетін дамыту тақырыбында 3 сыныптар бойынша тренингтер жүргізіліп, нәтижесінде оқушылардың достық туралы түсінігі кеңейді. Қарым-қатынас дағдылары жүйелі қалыпқа келді.
- Ақпан – «Бала тәрбиесіндегі шекара» тақырыбында ата-аналарға тренинг өткізілді. Тренинг барысында сынып жетекші, дефектолог, ДТЖО қатысуымен тәрбиелік әдістермен бөлісті.
- Наурыз – «Менің болашағым» мотивациялық жаттығуы, 4-сынып оқушыларының оқуға ынтасын арттыру мақсатында психологтар түрлі бағыттарда тренинг, топтық жаттығулар жүргізді.
- Сәуір – Жетістіктер мен өзгерістерді бағалау: мұғалім, оқушы, ата-аналар қатысқан біріккен отырыс өткізілді.
- Мамыр – Жылдық жұмыс есебі.

Нәтижелер

- ЕББҚ оқушыларының психологиялық дамуын қолдау мен әлеуметтік бейімдеуіне жағдай жасалды;
- Мұғалімдерге әдістемелік және психологиялық кеңес беріліп, инклюзивті білім берудің тиімділігі артты;
- Ата-аналардың психологиялық сауаттылығы артып, тәрбиелік әдістерін жетілдіруге ықпал етті;
- Оқушылардың қарым-қатынас мәдениеті, оқу мотивациясы және өзін-өзі бағалауы жақсарды;
- Жүргізілген жұмыстар оқушылардың оқу процесіне оңтайлы қатысуына көмектесті.

Қорытынды

2023–2024 оқу жылында мектеп психологының инклюзивті бағыттағы жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, белгіленген жоспар толықтай орындалды. ЕББҚ оқушыларына психологиялық қолдау көрсетіліп, олардың оқу-тәрбие процесіне белсенді араласуына жағдай жасалды. Алдағы уақытта да оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту бағытында жұмыстар жалғасын табады.